Ленин туы

ВК(б)П Солтүстік Казакстан Өлкелік Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ВК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Шығуына 24-ші жыл

№ 237 (6686)

1943 жыл

Жұма

10 декабрь

Бағасы 20 тыйын

Одақтас Үш Ұлы Державаның Декларациясын еліміздің еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды.

Ағылшын—Совет—Америка достығының жауынгерлік одағы жасасын!

ЖЫЛҚЫ ӨСІРУ АБРОЙЛЫ МІНДЕТ

Күрделі техникамен қаруланған социалистік ауылшаруашылығымызда жылқы малының да алатын орны зор. Еш бір колхоз, ешбір совхоз, ауылшаруашылық машиналары қаншама көп болса да жылқы малының [illegible]із ауылшаруашылық жұмыста [illegible]ағыдай аяқтап шыға алмай-[illegible]уылшаруашылығында жұмыс көлігі қашанда болса көрнекті орын алды. Оның ролі әсресе соғыс күнде[illegible]рінде тіпті күшейді.

Өткен ауылшаруашылық жылында Майбалық, Каменобродскі, Баян МТСтарында әрбір 15 аттың күші бар тракторлдың істеген жұмысы 100 гектарға да жетпеді. Ал, бұл МТС-тардың қамтуындағы колхоздарда жұмыстың, 60 проценттен артығы көш[illegible]мен орындалған. Тракторлардың [illegible]жұмысын жақсартумен бірге да[illegible]лан[illegible]жұмыстарына жылқы малын даярлау ісін естен шығармау керек. Жылқы күту жұмысын өткен жылдағыдай егіске шығар алдында ғана ескермей, қаңтардан бастап қолға алу керек. Бұл істің маңызын колхоз басшылары түгіл, әрбір колхозшыда жақсы түсінеді. Бірақ кей бір колхоздарда жылқы малын күтпеушілік оған жауапсыз қараушылықтың фактілері жоқ емес.

Көп колхоздарда жылқы малын өсіру планы жылдан-жылға орындалмай келеді. Оның басты себептерінің бірі—жылқылардың күтімсіздік тен өлуі көп. Полудень ауданында жылқы малын өсіру планы тек 74,1 [illegible]цент ғана орындалды. Ал кейбір [illegible]хоздарында істің түрі мұнан да [illegible]

Бұл—колхоз басшыларының, онда[illegible]ы партия, комсомол ұйымдарының, совет және жер органдарының басшыларының жылқы өсіру ісіне немқұрайды қарағандығының нәтижесі.

Жылқы малын күту жөнінде колхоздардағы комсомолецтер үлгі көрсетуге тиіс. ҚЛКЖСнің облыстық және аудандық комитеттері бастауыш комсомол ұйымдарына жылқы малын қамқорлыққа алу жөнінде нақтылы басшылық істеулері хажет.

Жылқы малының күтімі үлгілі тәртіпке қойылуы керек. Жылқылар уақытында суарылып, уақытында азық талынуымен бірге юларды жылы және таза қораларда ұстау керек. Жылқылар көктем егісіне толық бабында даярлану үшін оларды күтушілерден іске жауапкершілік талап етілсін. Жылқы малын күту ісі кім көрінгенге тапсырылмай, бұл іске таңдаулы маман колхозшылар пайдаланылсын.

Жылқы малын көктем егісіне даярлаумен қатар Қызыл Армия үшін төзімді және жүрісті аттар өсіру ісі естен шығарылмасын. Бұл ауылшаруашылығындағы қызметкерлердің, партия және комсомол ұйымдарының, совет, жер органдарының және барлық колхозшылардың абройлы міндеті.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

7 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

7 декабрьде КРЕМЕНЧУГТІҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның карсылығы мен карсы атакаларын жене отырып, оның қорғану шебінін күшті бекініс КЛОЧКОВО, МАЛАЯ АНДРУСОВКА, АНДРУСОВКА, ЯГЕМОВКА, ВАСИЛЬЕВКА, ГРИГОРЬЕВКА, ГЛИНСКІ, АРСЕНЬЕВА, ВЕРШАЦ, ШАМОВКА, ВАСОВКА, МАРТО-ИВАНОВКА, СЕМЕНОВКА, ИВАНОВКА, ДУБОВЫЙ тіректі пунктттері мен ПАНТАЕВКА темір жол станциясын алды.

ЧЕРНЯХОВ ауданында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінін ірі күштеріне карсы кескілескен ұрыстар жүргізуде болды және олардың қыспағымен бірнеше елді пунктттерді калдырды.

Майданның басқа участкелерінде барлау жүргізілді және артиллерия-миномет атысы болып тұрды.

6 декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 128 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 29 самолеті атып түсірілді.

8 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

8 декабрьде әскерлеріміз КРЕМЕНЧУГТІҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында дұшпанның карсылығы мен карсы атакаларын жене отырып, шабуыл жасауда болды, сейтіп Кировоград облысынын ЕЛИЗАВЕТГРАДКА, НОВАЯ ПРАГА, аудан орталықтарын және СЕМИГОРЬЕ, ОНОВО, МИХАЙЛОВКА, СВЕТЛОПОЛЬЕ, ГРИГОРЬЕВКА елді пунктттері мен ШАРОВКА темір жол станциясын алды. Сонымен, әскерлеріміз ЗНАМЕНКА—НИКОЛАЕВ, ЗНАМЕНКА—КРИВОЙ РОГ темір жолын үзіп тастады.

ДНЕПРДІҢ ИІНІНДЕ, ДНЕПРОПЕТРОВСКІНІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізіп, дұшпанның күшті тіректі бірнеше бекініс пунктттерін алды.

ЧЕРНЯХОВТЫҢ солтүстік-шығыс жағындағы ауданда әскерлеріміз дұшпанға карсы катты ұрыстар жүргізді және бірнеше елді пунктттерді қалдырды.

Майданның басқа участкелерінде барлау жүргізілді және артиллерия-миномет атысы болып тұрды.

7 декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 96 танкін оның ішінде 84 танкін ЧЕРНЯХОВТЫҢ солтүстік-шығыс жағындағы ауданда қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 19 самолеті атып түсірілді.

Кременчугтің батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Совет бөлімдерінің алға басуын токтатуға әрекеттенін, дұшпан жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін карсы атакаға шығарды. Әскерлеріміз гитлершілдердің карсы атакаларын ойдағыдай тойтарып, жауға катты соккы берді, сейтіп Кировоград облысынын Новая Прага аудан орталығын алды. Бұл үлкен елді пункттің іргесінде және көшелерінде жаудың 800ден аса өлігі калды. Дұшпаннан олжа,оның ішінде өзгінен жүретін 5 зеңбірек, ок дәрі склады, соғыс мүлкі қойылған 2 склад және азык-түлік қойылған склад колға түсірілді. Совет әскерлері жеңісті баянды ете отырып, Шаровка темір жол станциясын алды, сейтіп Знаменкадан Николаевка және Кривой рогка баратын темір жолды үзіп тастады. Екінші бір құрамамыздың бөлімдері немістерді Кировоград облысынын Елизаветградка аудан орталығынан қуып шығарды. Бір участкеде дұшпан шабуыл жасаушы әскерлерімізге өкпе тұстан соккы беруге әрекеттенді. Бөлімдеріміз немістерге солтүстіктен және оңтүстіктен батыл карсы соккы беріп, оларды қыспаққа алды, сейтіп гитлершілдерді жеңкіле кері шегінуге мәжбүр етті. Бұл ұрыста бір батальондай гитлершілдер, немістердің 12 танкі мен 2 бронемашинасы жойылды.

* * *

Днепрдің иінінде, Днепропетровскінін оңтүстік-батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның күшті тіректі бірнеше бекініс пунктттерін алды. Жауынгерлеріміз немістердің 600ден аса солдаты мен офицерін, 7 зеңбірегін, 5 минометі мен 20 пулеметін жойды. Немістерден олжа және адамдар колға түсіріллі.

Совет летчиктері бомбалардың дәл тиюі нәтижесінде дұшпанның әскер эшелонын, 2 ок-дәрі складын талкандады және немістердің соғыс жүгі тиелген 60тан аса автомашинасын жойды.

***

Черняховтың солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанға карсы катты ұрыстар жүргізуде болды. Н. құрамасынын бөлімдері күні бойы немістердің бірінен соң бірі жасаған атакаларын тойтарды. Дұшпан жаяу әскерлері мен танктерінін ірі күштерін ұрыска шығарды. Жау орасан көп шығынға ұшырай отырып, бөлімшелерімізді ығыстырып, бірнеше елді пунктттерді алды. Бұл участкеде күн тәулік бойы немістердің 2.000дай солдаты мен офицерлері жойылды, дұшпанның 66 танкі мен 4 бронемашинасы өртелді, қыйратылды. Екінші бір учаскеде совет артиллеристері мен броня бұзушылары немістердің 18 танкін, 7 бронетранспортерін және жаяу әскерлері мінген көп автомашинасын жойды.

* * *

Неміс командованиесі Ленинград облысы аудандарының өздері уақытша оккупацияланған селолар мен деревняларды тонау және жою үшін арнаулы әскер бөлімдерін жіберіп отыр.Фашист қанипезерлердің бұл командалары деревняларға барып, бейбіт адамдардың азык-түлігін, малын, мүлігі мен бағалы бұйымдарын тартып алуда. Немістер халықты тонап, елді пунктттерді өртейді, ал совет азаматтарын Германияға құлдық жұмыска айдап әкетеді. Ленинград партизандарының бірнеше отряды соңы уақытта немістердің тонаушы және кісі өлтіруші командаларына карсы катты ұрыстар жүргізуде. Толық емес мәлімет бойынша, бұл ұрыстарда партизандар 1.200ден аса гитлершілдерді жойды. Немістер фашист құлдыкка айдап әкетіп бара жаткан көптеген совет азаматтарын, совет патриотарын азат етті.

* * *

Немістердің 82-жаяу әскер дивизиясының 168- полкіндағы 2-батальонның колға түсірілген адьютанты обер-лейтенант Карл Шварц былай деді: „Сентябрьдің аяк шеніне дейін дивизиямызда 168 және 158-полктер бар еді, ал полкте бірінде екі батальон, екіншісінде бір батальон болды. Дивизияға тағы да талкандалған құрамалардың калдығынан курылған екі әскер тобы берілді. Бір село түбінде болған катты ұрыстарда 168-полк талкандалды. Екінші батальоннан 150 солдат, ал бірінші батальоннан небәрі 8 адам калды. Бұдан бірнеше күн бұрын полк толықтырма алды, бірақ солдаттар соғыс өнеріне үйретілмеген екен. Дивизиямыз ұрыска шығуға жарамсыз деп тауып, таяу тылға көшірді. Бірақ бұл да ұзакка бармады. Орыстар түткыйылдан кауат алға басты, бізге коршауда калу каупы туды. Батальондар мен полк штабы арасында байланыс үзілді. Бомба дәл тиіп, штаб машинасы жойылды, екінші батальонның командирі ауыр жараланды. Солдаттар зытты.

Мен кешке дейін 25 солдатты жыйнап ала алдым, бұл батальоннан калған еді. Кері шегіне отырып, жол ойына тағы да 18 солдатты атып өлтірдім, дәл осы кезде ұрыстарда келіп жетті".

ҚУАНЫШПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Яблоков жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары мен қызметкерлері Үш Державаның Тегеранда болып өткен конференциясын қуанышпен карсы алды.

№ 1 цехтың стахановшы токарі Кузин жолдас митингіде былай деді:

—Біз отанымыз үшін кажырлы еңбек істейміз. Майдан не тілесе соны береміз. Шабуыл жасаушы Қызыл Армиямыздың жеңістерімен жігерленіп, майдан үшін продукцияны есе леп мол өндіреміз. Күндік нормамды үнемі 200—300 процент орындауға міндеттенемін.

Одан кейін слесарь Краснов жолдас сөз сөйлеп, тапсырмасын үнемі 200 процент орындауға міндеттенді.

Заводтың жұмысшылары олардың сөзін колдап, бірауыздан мынаны мәлімдеді:

Одақтас Үш Державаның Декларациясы жеңіс күнін жакындата түседі. Бұл тамаша документ бізді жанаямай еңбек істеп, продукцияны мол өндіруге жігерлендіреді. Кажырлы еңбегімізбен майданға көмектесеміз.

А. ЭЛИН.

ҚАЖЫРЛЫ ЕНБЕК ІСТЕУГЕ МІНДЕТТЕНДІ

Үш Ұлы Держава—ССРС, АҚШ және Великобритания үкметтері басшыларының конференциясы Соколов МТС жұмысшылары мен қызметкерлері арасында зор өрлеу туғызды.

Стахановшы токарь Зинченко жолдас сөз алып сөйлеп, мынаны мәлімдеді.

—Тегеранда болған конференцияның каулысы—Гитлер Германиясына Шығыстан, Батыстан және Оңтүстіктен шабуыл жасаудың планы. Бұл Декларация неміс-фашист басқыншылардың ажал сағатын жакындатады. Ал, бізді жаңа ерліктер істеуге жігерлендіреді. Біз 1 январьға дейін 29 тракторды ремонттап шығарамыз.

Барлық коллектив кажырлы еңбек істеп жеңімпаз Қызыл Армияға жәрдемдесуге міндеттенді.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯҒА КӨМЕКТЕСЕМІЗ

Серпуховитин жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері үш Ұлы Держава басшыларының конференциясына арналған митингі өткізіп, 25 декабрьге дейін айлық программаны толық орындауға және бір күнгі табыстарын майдандастардың балаларына көмекке беруге міндеттенді.

—Рузвельт мырза, Сталин жолдас және Черчилль мырза кол қойған Декларация жеңіс күнін жакындатады. Бұл Декларацияны біз қуанышпен карсы аламыз, сейтіп кажырлы еңбегімізбен Қызыл Армияға көмектесеміз,—деді митингіде № 2 цехтың стахановшысы Ковалев жолдас.

Ленин туы

ВК(б)П Солтүстік Казакстан Обкомы мен Облыстық Советінің және ВК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Шығуына 24-ші жыл

№ 237 (6686)

1943 жыл

Жұма

10 декабрь

Бағасы 20 тыйын

Одақтас Үш Ұлы Державаның Декларациясын еліміздің еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды.

Ағылшын—Совет—Америка достығының жауынгерлік одағы жасасын!

ЖЫЛҚЫ ӨСІРУ АБРОЙЛЫ МІНДЕТ

Күрделі техникамен қаруланған социалистік ауылшаруашылығымызда жылқы малының да алатын орны зор. Еш бір колхоз, ешбір совхоз, ауылшаруашылық машиналары қаншама көп болса да жылқы малының [illegible]ніз ауылшаруашылық жұмыста [illegible]ғарыдай аяқтап шыға алмай-[illegible]уылшаруашылығында жұмыс көлігі қашанда болса көрнекті орын алды. Оның ролі әсресе соғыс күнде рінде тіпті күшейді.

Өткен ауылшаруашылық жылында Майбалық, Каменобродскі, Баян МТСтарында әрбір 15 аттың күші бар трактордың істеген жұмысы 100 гектарға да жетпеді. Ал, бұл МТСтардың қамтуындағы колхоздарда жұмыстың, 60 проценттен артығы көш[illegible]мен орындалған. Тракторлардың [illegible]жұмысын жақсартумен бірге да[illegible]лан[illegible]жұмыстарына жылқы малын даярлау ісін естен шығармау керек. Жылқы күту жұмысын өткен жылдағыдай егіске шығар алдында ғана ескермей, қаңтардан бастап қолға алу керек. Бұл істің маңызын колхоз басшылары түгіл, әрбір колхозшыда жақсы түсінеді. Бірақ кей бір колхоздарда жылқы малын күтпеушілік оған жауапсыз қараушылықтың фактілері жоқ емес.

Көп колхоздарда жылқы малын өсіру планы жылдан-жылға орындалмай келеді. Оның басты себептерінің бірі—жылқылардың күтімсіздік тен өлуі көп. Полудень ауданында жылқы малын өсіру планы тек 74,1 [illegible]цент ғана орындалды. Ал кейбір [illegible]хоздарында істің түрі мұнан да [illegible]

Бұл—колхоз басшыларының, онда[illegible]ы партия, комсомол ұйымдарының, совет және жер органдарының басшыларының жылқы өсіру ісіне немқұрайды қарағандығының нәтижесі.

Жылқы малын күту жөнінде колхоздардағы комсомолецтер үлгі көрсетуге тиіс. ҚЛКЖСнің облыстық және аудандық комитеттері бастауыш комсомол ұйымдарына жылқы малын қамқорлыққа алу жөнінде нақтылы басшылық істеулері хажет.

Жылқы малының күтімі үлгілі тәртіпке қойылуы керек. Жылқылар уақытында суарылып, уақытында азық талпынуымен бірге юларды жылы және таза қораларда ұстау керек. Жылқылар көктем егісіне толық бабында даярлану үшін оларды күтушілерден іске жауапкершілік талап етілсін. Жылқы малын күту ісі кім көрінгенге тапсырылмай, бұл іске таңдаулы маман колхозшылар пайдаланылсын.

Жылқы малын көктем егісіне даярлаумен қатар Қызыл Армия үшін төзімді және жүрісті аттар өсіру ісі естен шығарылмасын. Бұл ауылшаруашылығындағы қызметкерлердің, партия және комсомол ұйымдарының, совет, жер органдарының және барлық колхозшылардың абройлы міндеті.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

7 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

7 декабрьде КРЕМЕНЧУГТІҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз душпанның қарсылығы мен қарсы атакаларын жеңе отырып, оның қорғану шебінін күшті бекіністі КЛОЧКОВО, МАЛАЯ АНДРУСОВКА, АНДРУСОВКА, ЯГЕМОВКА, ВАСИЛЬЕВКА, ГРИГОРЬЕВКА, ГЛИНСКІ, АРСЕНЬЕВА, ВЕРШАЦ, ШАМОВКА, ВАСОВКА, МАРТО-ИВАНОВКА, СЕМЕНОВКА, ИВАНОВКА, ДУБОВЫЙ тіректі пункттері мен ПАНТАЕВКА темір жол станциясын алды.

ЧЕРНЯХОВ ауданында әскерлеріміз душпанның жаяу әскерлері мен танктерінін ірі күштеріне қарсы кескілескен ұрыстар жүргізуде болды және олардың қыспағымен бірнеше елді пункттерді қалдырды.

Майданның басқа участкелерінде барлау жүргізілді және артиллерия-миномет атысы болып тұрды.

6 декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 128 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен душпанның 29 самолеті атып түсірілді.

8 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

8 декабрьде әскерлеріміз КРЕМЕНЧУГТІҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында душпанның қарсылығы мен қарсы атакаларын жеңе отырып, шабуыл жасауда болды, сөйтіп Кировоград облысынын ЕЛИЗАВЕТГРАДКА, НОВАЯ ПРАГА, аудан орталықтарын және СЕМИГОРЬЕ, ОНОВО, МИХАЙЛОВКА, СВЕТЛОПОЛЬЕ, ГРИГОРЬЕВКА елді пункттері мен ШАРОВКА темір жол станциясын алды. Сонымен, әскерлеріміз ЗНАМЕНКА—НИКОЛАЕВ, ЗНАМЕНКА—КРИВОЙ РОГ темір жолын үзіп тастады.

ДНЕПРДІҢ ИІНІНДЕ, ДНЕПРОПЕТРОВСКІНІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізіп, душпанның күшті тіректі бірнеше бекініс пункттерін алды.

ЧЕРНЯХОВТЫҢ солтүстік-шығыс жағындағы ауданда әскерлеріміз душпанға қарсы қатты ұрыстар жүргізді және бірнеше елді пункттерді қалдырды.

Майданның басқа участкелерінде барлау жүргізілді және артиллерия-миномет атысы болып тұрды.

7 декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 96 танкін оның ішінде 84 танкін ЧЕРНЯХОВТЫҢ солтүстік-шығыс жағындағы ауданда қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен душпанның 19 самолеті атып түсірілді.

Кременчугтің батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Совет бөлімдерінің алға басуын тоқтатуға әрекеттенін, душпан жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін қарсы атакаға шығарды. Әскерлеріміз гитлершілдердің қарсы атакаларын ойдағыдай тойтарып, жауға қатты соққы берді, сөйтіп Кировоград облысынын Новая Прага аудан орталығын алды. Бұл үлкен елді пункттің іргесінде және көшелерінде жаудың 800ден аса өлігі қалды. Душпаннан олжа,оның ішінде өзгілінен жүретін 5 зеңбірек, ок дәрі склады, соғыс мүлкі қойылған 2 склад және азық-түлік қойылған склад қолға түсірілді. Совет әскерлері жеңісті баянды ете отырып, Шаровка темір жол станциясын алды, сөйтіп Знаменкадан Николаевка және Кривой рогка баратын темір жолды үзіп тастады. Екінші бір құрамамыздың бөлімдері немістерді Кировоград облысынын Елизаветградка аудан орталығынан қуып шығарды. Бір участкеде душпан шабуыл жасаушы әскерлерімізге өкпе тұстан соққы беруге әрекеттенді. Бөлімдеріміз немістерге солтүстіктен және оңтүстіктен батыл қарсы соққы беріп, оларды қыспаққа алды, сөйтіп гитлершілдерді жеңіліп кері шегінуге мәжбүр етті. Бұл ұрыста бір батальондай гитлершілдер, немістердің 12 танкі мен 2 бронемашинасы жойылды.

* * *

Днепрдің иінінде, Днепропетровскінін оңтүстік-батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері душпанның күшті тіректі бірнеше бекініс пункттерін алды. Жауынгерлеріміз немістердің 600ден аса солдаты мен офицерін, 7 зеңбірегін, 5 минометі мен 20 пулеметін жойды. Немістерден олжа және адамдар қолға түсіріллі.

Совет летчиктері бомбалардың дәл тиюі нәтижесінде душпанның әскер эшелонын, 2 ок-дәрі складын талқандады және немістердің соғыс жүгі тиелген 60тан аса автомашинасын жойды.

***

Черняховтың солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз душпанға қарсы қатты ұрыстар жүргізуде болды. Н. құрамасынын бөлімдері күні бойы немістердің бірінен соң бірі жасаған атакаларын тойтарды. Душпан жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін ұрыска шығарды. Жау орасан көп шығынға ұшырай отырып, бөлімшелерімізді ығыстырып, бірнеше елді пункттерді алды. Бұл участкеде күн тәулік бойы немістердің 2.000дай солдаты мен офицерлері жойылды, душпанның 66 танкі мен 4 бронемашинасы өртелді, қыйратылды. Екінші бір участкеде совет артиллеристері мен броня бұзушылары немістердің 18 танкін, 7 бронетранспортерін және жаяу әскерлері мінген көп автомашинасын жойды.

* * *

Неміс командованиесі Ленинград облысы аудандарының өздері уақытша оккупацияланған селолар мен деревняларды тонау және жою үшін арнаулы әскер бөлімдерін жіберіп отыр.Фашист қанипезерлердің бұл командалары деревняларға барып, бейбіт адамдардың азық-түлігін, малын, мүлігі мен бағалы бұйымдарын тартып алуда. Немістер халықты тонап, елді пункттерді өртейді, ал совет азаматтарын Германияға құлдық жұмыска айдап әкетеді. Ленинград партизандарының бірнеше отряды соңы уақытта немістердің тонаушы және кісі өлтіруші командаларына қарсы қатты ұрыстар жүргізуде. Толық емес мәлімет бойынша, бұл ұрыстарда партизандар 1.200ден аса гитлершілдерді жойды. Немістер фашист құлдыққа айдап әкетіп бара жаткан көптеген совет азаматтарын, совет патриотарын азат етті.

* * *

Немістердің 82-жаяу әскер дивизиясының 168- полкіндағы 2-батальонның қолға түсірілген адъютанты обер-лейтенант Карл Шварц былай деді: „Сентябрьдің аяқ шеніне дейін дивизиямызда 168 және 158-полктер бар еді, ал полкте бірінде екі батальон, екіншісінде бір батальон болды. Дивизияға тағы да талқандалған құрамалардың қалдығынан құрылған екі әскер тобы берілді. Бір село түбінде болған қатты ұрыстарда 168-полк талқандалды. Екінші батальоннан 150 солдат, ал бірінші батальоннан небәрі 8 адам қалды. Бұдан бірнеше күн бұрын полк толықтырма алды, бірақ солдаттар соғыс өнеріне үйретілмеген екен. Дивизиямыз ұрыска шығуға жарамсыз деп тауып, таяу тылға көшірді. Бірақ бұл да ұзаққа бармады. Орыстар тұтқыйылдан қауат алға басты, бізге қоршауда қалу қаупы туды. Батальондар мен полк штабы арасында байланыс үзілді. Бомба дәл тиіп, штаб машинасы жойылды, екінші батальонның командирі ауыр жараланды. Солдаттар зытты.

Мен кешке дейін 25 солдатты жыйнап ала алдым, бұл батальоннан қалған еді. Кері шегіне отырып, жол ойына тағы да 18 солдатты атып өлтірдім, дәл осы кезде орыстарда келіп жетті".

ҚУАНЫШПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Яблоков жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары мен қызметкерлері Үш Державаның Тегеранда болып өткен конференциясын қуанышпен қарсы алды.

№ 1 цехтың стахановшы токарі Кузин жолдас митингіде былай деді:

—Біз отанымыз үшін қажырлы еңбек істейміз. Майдан не тілесе соны береміз. Шабуыл жасаушы Қызыл Армиямыздың жеңістерімен жігерленіп, майдан үшін продукцияны есе леп мол өндіреміз. Күндік нормамды үнемі 200—300 процент орындауға міндеттенемін.

Одан кейін слесарь Краснов жолдас сөз сөйлеп, тапсырмасын үнемі 200 процент орындауға міндеттенді.

Заводтың жұмысшылары олардың сөзін қолдап, бірауыздан мынаны мәлімдеді:

Одақтас Үш Державаның Декларациясы жеңіс күнін жақындата түседі. Бұл тамаша документ бізді жанаямай еңбек істеп, продукцияны мол өндіруге жігерлендіреді. Қажырлы еңбегімізбен майданға көмектесеміз.

А. ӘЛИН.

ҚАЖЫРЛЫ ЕНБЕК ІСТЕУГЕ МІНДЕТТЕНДІ

Үш Ұлы Держава—ССРС, АҚШ және Великобритания үкметтері басшыларының конференциясы Соколов МТС жұмысшылары мен қызметкерлері арасында зор өрлеу туғызды.

Стахановшы токарь Зинченко жолдас сөз алып сөйлеп, мынаны мәлімдеді.

—Тегеранда болған конференцияның қаулысы—Гитлер Германиясына Шығыстан, Батыстан және Оңтүстіктен шабуыл жасаудың планы. Бұл Декларация неміс-фашист басқыншылардың ажал сағатын жақындатады. Ал, бізді жаңа ерліктер істеуге жігерлендіреді. Біз 1 январьға дейін 29 тракторды ремонттап шығарамыз.

Барлық коллектив қажырлы еңбек істеп жеңімпаз Қызыл Армияға жәрдемдесуге міндеттенді.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯҒА КӨМЕКТЕСЕМІЗ

Серпуховитин жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері үш Ұлы Держава басшыларының конференциясына арналған митингі өткізіп, 25 декабрьге дейін айлық программаны толық орындауға және бір күнгі табыстарын майдандастардың балаларына көмекке беруге міндеттенді.

—Рузвельт мырза, Сталин жолдас және Черчилль мырза қол қойған Декларация жеңіс күнін жақындатады. Бұл Декларацияны біз қуанышпен қарсы аламыз, сөйтіп қажырлы еңбегімізбен Қызыл Армияға көмектесеміз,—деді митингіде № 2 цехтың стахановшысы Ковалев жолдас.

АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕС—ЖЕҢІСІМІЗ ҮШІН КҮРЕС!

Үлгілі колхоз

ЧКАЛОВО. (Арнаулы тілшіміз-н). Фрунзе атындағы ауылшаруа-ылық артелі—Чкалов ауданындағы ірі колхоздардың бірі. Колхоздың іс планы 4046 гектар. Бұл колхоз-ың мүшелері быйыл бітік егіндерін ыйнауға деркезінде ұйымдасқан рде кірісті. Колхозшылар егін ыйнау, астық бастыру жұмыста-ында қажырлы еңбек істеді. Сөйтіп пар егін ору және соғу жұмыстары ың табысты болуын қамтамасыз ті.

Колхоз соғылған егінінің алғашқы ктарын мемлекетке тапсырды. Са-лы астық тиелген қызыл керуен-р колхоз қырманынан дайындау никтіне күндіз-түні жөнелтіліп жат . Астық тасу жұмысында колхоз-ылар ерекше үлгі көрсетті.

Осының нәтижесінде колхоз мем-кетке бересі астықты қазірде то-ық тапсырып бітуге жақын отыр. отель қазірдің өзінде 6.800 цент-рден аса астық тапсырды. Дайын-у пунктіне астық тасуда колхоз-ылар Каминский, Гангало, Коваль-ки жолдастар еңбек ерлігінің үлгі-н көрсетті. Олар үнемі екі-үш нор-ы орындап отырды.

Колхоз мүшелері келесі жылғы жетемті егіс үшін тұқым күю жұ-ысын да қарқындатты. Бұл колхоз қазірдің өзінде 2.500 центнердей ұқым күйылды. Күйылған тұқым ебіп, тазартылды.

Артельдің партия ұйымының сек-тарі Рязник жолдас колхозшылар асында үгіт-көпшілік жұмысын ны жүргізу үшін оларды жанқыяр-кпен еңбек істеуге жігерлендірді.

Колхоз басқармасының мүшелері (председатель Комитт жолдас) ұмыстың ең қиын учаскелерінде лып, егін соғу және мемлекетке тық тапсыру жұмыстары плану-ың мүлтіксіз орындалуын қамтама-з етті.

Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

АСТЫҚ САТУ ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЙДІ

КӨКШЕТАУ. (Өз тілшіміздан) Көкшетау ауданының бірсыпра алдыңғы қатарлы колхоздары астық дайындау планын толық орындағаннан кейін мемлекетке астық сатуды ұйымдастырды.

«Северный маяк» ауылшаруашылық артелі (председатели Гаража жолдас) аз күннің ішінде мемлекет-ке 268 центнер астық сатты. «Қызыл жұлдыз» колхозы (председатели Мохов жолдас) мемлекетке 170 центнер астық, «Қара өзек» колхозы (председатели Нурмұханов жолдас)—101 центнер, Буденный атындағы колхоз—93 центнер, «Қарлы көл»—200 пұт, және «Өзен» колхозы—200 пұт астық сатты.

Ауданның сельпо дүкендері соңғы бескүндікте колхозшылардан 3500 пұт астық, колхоздардан 4000 пұт астық сатып алды. Бұл астық тоқтаусыз дайындау пункттеріне жеткізілуде. Күсеп және Қазақстан сельполарының қызметкерлері мен дүкеншілері Хабибуллина, Беликова, Сейтқасымова жолдастар мемлекетке астық сатудың соғыстық-шаруашылық маңызы зорлығын колхозшыларға түсіндіруде. Соның нәтижесінде бұл сельполарда астық сатып алу ісінің қарқыны күшейді.

П. ҚАСЕНОВ.

Міндет—планды толық орындау

Преснов ауданының бірсыпра колхоздары мен совхоздарының, басшылары астық тапсыру планын толық орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайдалануда.

Мәселен, Петровскі сельсоветіндегі «Советский путь» ауылшаруашылық артелі колхоз активтерінің инициативасы бойынша, Қызыл Армия қорына астық тапсыру ісін ұйымдастырып, оны қызу жүргізуде. Олар қазірдің өзінде мемлекетке 300 пұттай жоғары сапалы астық тапсырды.

Ауданның бірсыпра колхоздарында комсомолецтері соломды қайтадан соғу жұмыстарын ұйымдастырды. Комсомолецтер бұл іске тамаша үлгі көрсетіп жүр. Олар астықты дереу дайындау пункттеріне жеткізу үшін қызыл керуендер ұйымдастырды. «Советский путь» ауылшаруашылық артелінің комсомолецтері 3 күннің ішінде 47 центнер астық жыйнап, мемлекетке тапсырды.

Алайда, жетістіктермен бірге көптеген кемшіліктер де кездесіп отыр. Кейбір колхоздар мен совхоздардың басшылары егін соғу, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын кешіргісіз кешеуілдетіп отыр. Мәселен, Приешім совхозында (директоры Донченко жолдас) мыңдаған пұт астық мемлекетке тапсырылмай қырманда жатыр.

Аудан басшылары астық тапсыру ісіндегі кемшіліктерді тез арада жоюып, астық тапсыру планын толық орындауға міндетті.

Р. КАМАЛОВА.

ТРАКТОРЛАР САПАЛЫ РЕМОНТТАЛДЫ

Келлер МТСының жұмысшылары мен қызметкерлері сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың Октябрь Социалистік революциясының 26 жылдығы туралы жасаған тарихи баяндамасымен жігерленіп, еңбек өнімділігін еселеп арттырды.

МТС коллективі план бойынша 16 трактор ремонттаудың орнына, 22 трактор ремонттап шығарды. Ремонт сапасы ойдағыдай. Ремонт планын артығымен орындауда рационализаторлық ұсыныстар пайдаланылды. Аға механик Косолапов жолдас бағалы рационализаторлық ұсыныстар кіргізді.

Рузвельттің, Черчилльдің және Иненюдің Каирдағы кездесуі

ЛОНДОН, 8 декабрь. (ТАСС). 7 декабрьде Каирда төмендегідей мәлімдеменің жарияланғандығын Рейтер агенттігі хабар етті:

«Құрама Штаттарының Президенті Рузвельт, Турция республикасының Президенті Исмет Иненю және Великобританияның Премьер-Министрі Черчилль декабрьдің 4,5 және 6 күндері Каирда кездесті. Бұлардың, келіс сөздеріне Великобританияның Сырткы Істер Министрі Иден, Турцияның Сырткы Істер Министрі Менемендджиоглу және Гарри Гопкинс қатысты. Америка Құрама Штаттары, Великобритания және Советтер Союзы үкіметтерінің жіберген шын жүректен шақыруына жауап ретінде Турция мемлекеті бастығының қатысуы, Англия мен Турцияны бі[illegible]тін одақтың күшін және Турцияны мен Америка Құрама Штаттарының және Советтер Союзы халықтарының арасындағы болып отырған тығыз достықты айқын ыспаттайды. Президент Иненю және Премьер-Министр Черчилль жалпы саясый жағдайды қайта қарап, үш елдің ортақ және ерекше мүдделіктерін еске ала отырып қолданылатын өз саясаттарын барлық жағынан да талқылады. Барлық мәселелерді өзара ұғынысу рухында және мойындасу рухында зерттеу, Америка Құрама Штаттарының, Турцияның және Англияның аралықтарында болып отырған тығыз бірлікті және олардың халықаралық жағдайға қарым-қатнасын көрсетті. Каирда болған бұл келіс сөздің нәтижесі төрт елдің арасындағы келешек қарым-қатнас үшін мейлінше зор жемісті және пайдалы болды. Ұлы Америка және Англия демократияларының мүдделіктері мен көзқарастарының Советтер Союзының көзқарастарымен және мүдделіктерімен бір салтанатта болуы және сондай-ақ бұл державалардың және Турцияның арасында болып отырған достығының дәстүрлі қарым-қатнасы Каирда болған конференцияда тағы да расталды».

АЙТЫСҚА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІС

4 декабрьде Қазақтың Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында халық ақындарының Республикалық айтысының басталуына арналған салтанатты мәжілісі болып өтті.

Мәжіліс президиумына КК(б)П Орталық Комитетінің секретарьлары Шаяхметов, Қойшығұлов жолдастар және Сталиндік сыйлықтың лауреаты үш орденді Жамбыл, халық ақындары Шашубай Қошқарбаев, Нартай Бегежанов, Кенен Өмірбаев, Орынбай Тайманов, жазушылар Ғ. Мүсірепов, М. Әуезов, С. Мұқанов тағы басқа жолдастар болды.

Мәжілісті жазушы Ғ. Мүсірепов жолдас ашып, сөзді жыр алыбы карт Жамбылға берді. Халықтың жүзге келген жырауы мәжіліске жыйналған жұртты тамаша жырмен құттықтады.

Отан соғысы күндеріндегі халық ақындарының творчествосы туралы Қазақстан жазушылар ұйымы президиумының председателі С. Мұқанов жолдас екі тілде баяндама жасады.

Ол өзінің қазақша баяндамасын өлеңмен жасады. Залдағы жұрт өлеңмен жасаған баяндаманы шын ықласпен тыңдап, қатты сүйсініп отырды.

Мәжіліске жыйылғандар Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Союзының Маршалы Сталин жолдасқа құттықтау хат қабылдады.

Кеше, күндізгі сағат 12де айтыс басталды. Онда Қызыл Орда облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысының ақындары айтысты.

ЖАМБЫЛ

АҚЫНДАРҒА АРНАУ

(Жамбыл қарттың ақындардың Республикалық айтысын ашардағы өлеңі)

Алатаудан, аркадан,
Ақындарым келіпсің.
Тілдерінен бал тамған,
Жақындарым келіпсің.
Ертіс, Есіл, Іле, Сыр
Бас қосқалы келіпсің.
Жүрген жері думан жыр—
Сендер елге көріксің.
Шаршы топта төгілген,
Сөздерінді сағындым.
Көзге жылы көрінген
Өздерінді сағындым.
Астананың елімен,
Бір қуанған керінмін,
Алтын орда төрінен,
Қолынды алып көріскен.
Сәлемі осы Жамбылдың,
Жата алмадым тыншығып.
Сендер келді дегенде,
Бір отырдым, бір шықтым,
Елең қағып өленге.
Мұндай дүбір жарыста,
Кім қызбайды намысқа.
Ұлы жиын үстінде
Сөз тарапқа салынар,
Ой тарапқа шабылар.
Ерен жүйрік өткендер,
Ұзын жол болып қаланар.
Тепендеген торының
Ізі қайдан табылар.
Жүйрік—жүйрік болар ма,
Шаршы төске сермемей?
Қыран—қыран болар ма,
Тас қыяға өрлемей?
Жорға—жорға болар ма,
Төрт аяғы тайпалмай?
Батыр—батыр болар ма,
Қалың жауды қайтармай?
Ақын—ақын болар ма,
Арқа қызып ән салмай,
Жыйылған көп халайық
Сөзіне ұйып тамсанбай?
Ақындар көз салыңдар,
Хыюаны шалыңдар.
Қыйқу салып талайдан
Келе жатқан сарын бар.
Ұзын жолда біз өткен
Өренде көп телім бар:
Сүйінбай мен Қатаған,
Атын жаттап балалар
Әлі күнге атаған.
Кешубай мен Орынбай.
Өлең сөздің корындай,
Көрінеді сорабы—
Керуен көшкен жолындай.
Құл, Құлмамбет, Құлыншақ,
Майкөт, Сарбас, Қуандық,
Бұлдырайды тауға ұсап,
Көңілімізді құмар қып,
Шөже менен Кемпірбай
Өлең жырдың жұртындай,
Біз солардың өрені!
Көк дауылдай боратып
Сөз бастандар келелі.
Жырға лайық елің бар.
Елге лайық ерің бар
Төрі толған түлікке
Улан байтақ жерің бар.
Көк орайлы белің бар.
Айдын шалқар көлің бар
Сабасы мол көп өзен,
Өлке толған елің бар.
Жаз өрісін көк жайлау,
Қыс қонысы—оның бар.
Тау мен далаң сақтаған
Қойны толған кеңің бар:
Алтын, күміс, қорғасын,
Мұнай мен мыс, көмір бар!
Осы дәулет тұрғанда
Неменеден кемің бар
Осыларды толғайтын
Ақындарым, жөнің бар!
Қыруар, завод қалаң бар,
Гүл жайнаған далаң бар,
Сол даланы жайнатқан
Жұртқа үлгі адам бар.
Жауды қуған жөңкілтіп,
Батырларға қарандар,
Жас арыстан пішінді
Жауға ойран салған бар.
Қаһарманғып жасаған
Халқымызда заман бар.
Не болғанын бұл күнде
Бөбектерін білуге
Бейбіт қылып тарандар.
Замананың жыршысы
Сендерде не арман бар.
Сол заманның тұлғасы
Ленинінің жолдасы,
Қамал бұзған қол басы
Ұлы Сталин көсемге
Жырларыңды арнандар!
Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындай
Ағытындар өленді
Жазғы тұрғы таскындай.
Нартай, Кенен, Нұрлыбек,
Майбасар, Қуат, Жақсыбай,
Өлең—жырды дүрілдет—
Жарқылдатып жасындай.
Сөздерінің күшінен
Жау жүрегі тұршіксін.
Жырларыңды естіген
Дос күмардан бір шыксын.

Жауапты редактордың орынбасары Қ. ӘЛІМБАЕВ.

Редакцияның адресі: ҚССР, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 12, Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. ТҚ 02134